

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ELKO1429>

***А. М. Махамбетова**

Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

ORCID: <http://orcid.org/0009-0005-5846-7433>

*e-mail: aidanamakhambetova@mail.ru

**САЯСИ ДИСКУРСТАҒЫ СПИЧРАЙТЕРДІҢ
РӨЛІ: ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДІҢ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ (ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ ӘЗІРЛЕГЕН
САЯСИ МӘТІНІ НЕГІЗІНДЕ)**

Мақала қазақтың көрнекті жазушысы, қаламгер-публицист Әбіш Кекілбайұлының қаламынан туган саяси мәтіндерді социолінгвистикалық және психолінгвистикалық тұрғыдан талдауға және саяси дискурстағы спичрайтер рөлінің маңыздылығын зерттеуге арналған. Қазіргі саяси жағдайда спичрайтерлердің қоғамдық пікір мен саяси стратегияның қалыптасуына әсерінің маңыздылығы күн сайын арта түсуде.

Зерттеу Кекілбайұлының Елбасына арнап дайындаған кезекті бір мәтініндегі тілдік бірліктерді талдауға және оның қаламынан туган мәтіндердің қоғамдық пікір мен саяси тәжірибенің қалыптасуына ықпалын көрсетуді көздейді. Автор спичрайтердің нанымды және әсерлі мәтін жасау үшін қолданатын әдістері мен стратегияларын, сондай-ақ олардың саяси контекстерде тілдік және мәдени нормаларды бейімдеп қолданудағы және өзгертудегі ролін талдайды. Кекілбайұлының лингвистикалық құралдарды құбылтуы мен сөйлеу мәнеріндегі ерекшеліктер негізінде саяси көшбасшылардың тұлғасын құру бағытындағы ықпалына ерекше назар аударылады.

Зерттеудің мақсаты – Әбіш Кекілбайұлының нанымды саяси мәтін жасауда қолданған әдістері мен стратегияларын және олардың тілдік тәжірибе мен саяси дискурсқа әсерін талдау. Зерттеу спичрайтер қолданатын лингвистикалық құралдар мен стилистикалық құралдардың ерекшеліктерін анықтауға бағытталған, ол әлжуметтік

лингвистикалық және психоллингвистикалық талдаулар арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыстың ғылыми болжамы: спичрайтер жасаған тілдік стратегиялар мен тактикалар саяси дискурстың қалыптасуы мен түрленуіне оң әсер етеді және қоғам алдында саяси көшбасшылардың бейнесін жасауда маңызды рөл атқарады.

Кілтті сөздер: спичрайтинг, саяси дискурс, социоллингвистика, психоллингвистика, мәтінді талдау, лингвистикалық стратегия.

Кіріспе

Қазіргі саяси дискурстағы спичрайтерлердің рөлі саяси көшбасшылардың қалыптасуы мен қарым-қатынасына айтарлықтай әсер ететін маңызды сала болып табылады, бірақ бұл сала аз зерттелген.

Чартерис-Блэк атап өткендей, «Тиімді саяси коммуникация Ежелгі Грециядан бүгінгі күнге дейін тарих бойы көшбасшылар үшін негізгі құрал болып саналған» [1].

Тіл саясаткерлердің қолындағы қуатты құрал болып табылады, өйткені ол —«басқаларды олардың көшбасшылығынан түсетін пайдаға сендіру» және «қақтығыстарды болдырмау, сондай-ақ қысқа мерзімде қайшылықты тудыру үшін қолданылатын мықты танымдық техника [2, 3].

Спичрайтерлер көбінесе саяси науқанның немесе әкімшіліктің жалпы хабар алмасуын және стратегиялық бағытын анықтауда шешуші рөл атқарады. Олар өздерінің сөйлеген сөздері мен жария мәлімдемелері саясаттың мақсаттарына кеңірек сәйкес келуін және мақсатты аудиториямен резонансты байланыс орнатуды қамтамасыз ету үшін саяси көшбасшылармен тығыз жұмыс істейді. Бұл қызметте спичрайтерлер күрделі идеялар мен саяси шешімдерді жұртшылықтың назарын аударта алатындай деңгейде ұсынып, олардың пікірлерін өзгерте алатындай тартымды баяндамалар әзірлейтін стратегиялық коммуникаторлар ретінде жұмыс істейді. Олардың ықпалы, әсіресе, Президентті ұлықтау немесе Президенттің халыққа Жолдауы сияқты ереше маңызды тарихи сәттерде артады. Сайып келгенде, спичрайтерлерді және олардың саяси дискурстағы рөлін зерттеу тіл, билік және қазіргі қоғамдағы саяси дискурстың қалыптасуы арасындағы күрделі қарым-қатынас туралы құнды түсініктер береді.

Саяси дискурс қазіргі заманғы басқарудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені ол қоғамдық пікірді қалыптастырады, шешім қабылдауға әсер етеді және саяси көшбасшылардың құндылықтары мен басқарудағы басым бағыттарын көрсетеді [4].

Осы контексте спичрайтерлердің саяси хабарламаларды құрудағы және қалыптастырудағы рөлі барған сайын маңызды бола бастады, бірақ академиялық зерттеулердің зерттелмеген саласы болып қала береді [5].

Саяси дискурстағы спичрайтерлердің рөлін зерттеудің маңыздылығы саяси сипаттағы баяндамалардың сайлаушыларды сендіруден бастап саяси бастамаларды қолдауға жұмылдыруға дейінгі нақты мақсаттарға жету үшін мұқият жасалатынына байланысты екенін айтқан жөн [6].

Ғалымдар атап өткендей, «Сендіру демократиялық көшбасшылық тәжірибесі үшін өте маңызды, сөйлеу мен қарым-қатынасқа толықтай әсерін тигізеді». Алайда, парадокс мынада: демократиялық қоғам азаматтары саяси риториканы «алдамшы, бос немесе қауіпті диверсиялық» сипатта қабылдай отырып, оған жиі күдікпен қарайды [7].

Әбіш Кекілбайұлы – өз елінің саяси және мәдени өміріне зор ықпал еткен қайраткер, спичрайтер. Оның жазудағы қолтаңбасы Қазақстанның жетекші саяси қайраткерлерінің баяндамаларынан анық көрінеді. Елдегі саяси процестерге қанық болуы және халықтың мәдени ерекшеліктерін терең түсінуі арқылы ол бірегей тілдік стратегиялары негізінде өзіндік стилін дамытты.

Материалдар мен әдістері

Мақалада спичрайтер Әбіш Кекілбайұлының саяси дискурстағы мәтіндерін зерттеу үшін социолингвистикалық және психолингвистикалық талдаулар жасалды. Бұл тәсіл спичрайтердің нанымды сөз тудыру үшін қолданған тілдік стратегиялары мен стилистикалық құралдарын жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік лингвистикалық талдау аудиторияға әсер ету мен қоғамдық пікірді қалыптастыруға бағытталған лексикалық бірліктерді, синтаксистік құрылымдарды таңдауды, риторикалық тәсілдер мен бейнелі өрнектерді қолдануды қамтиды.

Осы талдау әдістері бірігіп, спичрайтер Әбіш Кекілбайұлының саяси дискурстағы рөлін зерттеуге, жазушының қоғамдық пікірді қалыптастыруға және саяси науқандардың сәтті өтуіне әсерін анықтайтын негізгі факторларды анықтауға көмектесті. Саяси мәтіннің адам танымына әсер етуші күші мен жолдары мәтін компоненттерін когнитивті талдау кезінде айқындалды.

Нәтижелер және талқылау

Спичрайтингтің психолингвистикалық аспектісі аудиторияға тілдің әсері және аудиторияның қабылдауы мен көпшіліктің мінез-құлқына әсерін қамтиды. Бұл аспект, әсіресе, саяси дискурста маңызды, өйткені сөйленген сөз қоғамдық пікірді қалыптастырып, саяси процестерге әсер ете алады. Спичрайтерлер сөзді дұрыс таңдау, сөйлем құрылымы және сөйлеу ырғағы сияқты факторларды ескеруге көп мән береді. Спичрайтерлер аудиторияда мақтаныш, қорқыныш, ашу немесе үміт сезімдерін ояту үшін

метафора, анафора және гипербола сияқты әртүрлі риторикалық құралдарды пайдаланады.

Кекілбайұлы қазақ мәдениеті мен әдебиетін, қазақтың дәстүрлі сөзсаптамын терең меңгергендігінің арқасында, шешендік талғампаздықпен мәдени мәнді ұштастырған мәтіндер жасады. Оның әдістемесі метафораларды, тарихи сілтемелерді және мәдени элементтерді қолдануды қамтыды, бұл оған аудиториямен терең байланыс орнатуға және олардың қабылдауына әсер етуге мүмкіндік берді. Олар қоғамдық пікірге айтарлықтай әсер етті, саяси көшбасшылардың имиджін қалыптастыруға көмектесті және саяси, мәдени бастамаларды ілгерілетуде маңызды рөл атқарды.

Беделді саяси және діни қайраткерлер пайдаланатын риторикалық құралдар мен стратегияларды зерттеу лингвист ғалымдардың ұзақ уақыт бойы қызығушылығын тудырды [8]. Біз бұл мақалада қазақтың көрнекті саяси қайраткері Кекілбайұлының халық алдында сөйлеген сөздерінде қолданған тәсілдер мен стратегияларға тереңірек үңілуге тырысамыз. Оның риторикалық көзқарасының негізінде жатқан тілдік элементтер мен контекстік факторларды сыни тұрғыдан талдай отырып, біз оның өз идеяларын қалай тиімді жеткізетінін және қоғамдық пікірді қалай қалыптастыратынын толық түсінуге ұмтыламыз.

Риторикалық талдау көшбасшылардың өз идеяларын жеткізуі және аудиториясын соған сендіруі үшін тілді стратегиялық мақсатта қолданудың құнды құралы болып табылады [9]. Кочнева мен Титова айтқандай, саяси субъектілер өздерінің идеологияларын алға жылжыту, қоғамдық қолдауды дамыту және билікті сақтау үшін аргументтік стратегиялар мен эмоциялар тудыру сияқты әртүрлі сендіру әдістерін пайдаланады [10]. Бұл риторикалық құрылғылар көшбасшыларға өз хабарламаларын тиімді жеткізуге, қоғамдық дискурсты қалыптастыруға және өз сайлаушыларының сенімдері мен әрекеттеріне әсер етуге мүмкіндік береді.

Оқырманды да, тыңдарманды шешендігімен аузына қаратқан Кекілбайұлы қоғамдық пікірді қалыптастыруда да ерекше шебер қабілетімен ел есінде қалды. Оның дайындаған сөздеріне сыни дискурстық талдау жасау арқылы біз риторикалық стратегияларының тиімділігіне ықпал ететін нақты тілдік элементтер мен контекстік факторларды қарастырамыз [11]. Кекілбайұлының риторикалық тәсілінің негізгі аспектілерінің бірі оның нанымды дәлелдер құру үшін тілдік бірліктерді немесе логикалық пайымдауды шебер қолдануы болып табылады [12]. Спичрайтер өзінің өсиеттерін, бұйрықтары мен нұсқауларын қисынды және дәлелді түрде жеткізу арқылы тыңдаушыларына әсер етіп, беделін күшейте алған.

Сонымен қатар, Кекілбайұлының саяси мәтіндері көбінесе тұлғааралық қарым-қатынастың мықты функциясын көрсетеді, мұнда ол өз аудиториясымен байланысу және олардың эмоцияларына әсер ету үшін тілді стратегиялық түрде пайдаланады [13]. Бұл эмоционалды тартымдылық оның логикалық аргументтерді қолдануымен үйлеседі, оған өз идеяларын тиімді жеткізуге және саяси мәселеге жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Кекілбайұлының риторикалық әдіс-тәсілдерін осылайша терең талдау арқылы біз саяси дискурста тілдің стратегиялық қолданылуына арналған зерттеулердің көбеюіне өз үлесімізді қосуды мақсат етіп отырмыз. Оның риторикалық стратегияларының нюанстарын түсіну арқылы біз саяси көшбасшылардың қоғамдық пікірді қалай қалыптастыратындығына және олардың сайлаушыларына қалай әсер ететіндігіне көз жеткіземіз.

Мәселен, келесі мәтінге лингвистикалық талдау негізінде спичрайтердің қолданған тәсілдерін көруімізге болады:

«Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қымбатты отандастар!

Бүгінгі күн – ант қабылдаған менің ғана емес, бүкіл еліміздің өміріндегі аса маңызды тарихи күн. Осыдан бір айдан астам уақыт бұрын халқымыз демократиялық жолмен, әділ, айқын әрі ашық жағдайда өзінің еркін танытып, мемлекет басшысын сайлады.

Дүние жүзінің көптеген елдері мен халықаралық ұйымдардан келген байқаушылардың көз алдында өткен бұл сайлау тәуелсіз Қазақстанның өзінің бүгін мен болашағына деген нық сенімін және ортақ мақсатқа жұмылған халқымыздың біртұтастығын айқын танытты...» [14].

Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне
ресми кірісуіне байланысты салтанатты ұлықтау рәсімінде
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ,

Астана қаласы

2006 жылғы 11 қаңтар

Оң коннотациялық сөздер («тарихтағы маңызды күн», «демократиялық, әділ, анық және ашық», «нық сенім», «халқымыздың бірлігі») мақтаныш пен оптимизм сезімін тудыру үшін қолданылады. «Біз» («біздің халқымыз», «халқымыздың бірлігі», «халықтың тірегі») ұжымдық белгісін білдіретін сөздер мен сөз тіркестері жиі қолданылады.

Үзіндіде спичрайтер ресми сөйлеуге тән және мәтінді мағыналы етіп қабылдауға ықпал ететін күрделі синтаксистік құрылымдар қолданады. Параллельді құрылымдарды («демократиялық, әділетті, анық және ашық түрде өз еркін білдірді және мемлекет басшысын сайлады») пайдалану ойдың ырғағы мен нанымды болу әсерін арттырады.

Когнитивті тұрғыдан аталған мәтін тыңдаушылардың сенімін арттыру, танымына әсер ету және мотивация беру сияқты мақсаттарды көздейді. Мәселен, «Ханымдар мен мырзалар!» және «Құрметті отандастар!» секілді тілдік бірліктер құрмет пен инклюзивтілік атмосферасын қалыптастырады. Ресми және бейресми бірліктерін пайдалану шенеуніктерден қарапайым азаматтарға дейін аудиторияның әртүрлі сегменттерімен байланысты тез арада орнатады. Бұл тыңдаушыларда «өздерін маңызды сезіну» жағдайын туғызады. «Бүгін ант қабылдаған мен үшін ғана емес, бүкіл ел үшін өте маңызды тарихи күн»: «Өте маңызды тарихи күн» деген сөздің қолданылуы оқиғаның маңыздылығын көрсетеді. Бұл тыңдаушыларға болып жатқан оқиғаның маңыздылығын түсінуге және осы тарихи сәттің бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді. «Халқымыз демократиялық жолмен, әділетті, анық және ашық түрде өз еркін білдіріп, мемлекет басшысын сайлады»: Бұл жерде сайлаудың заңдылығы мен әділдігін көрсету үшін когнитивтік әдістер қолданылады. «Демократиялық», «әділ», «айқын» және «ашық» сияқты сөздер аудиторияда сенім ұялататын ашықтық пен адалдықты тудырады. «Бұл сайлау көптеген елдер мен халықаралық ұйымдардың бақылаушылары алдында өтті»: Халықаралық байқаушыларды атап өту сайлауды заңды және әлемдік деңгейде мойындалған деп қабылдауды күшейтеді. Бұл аудиторияны болған оқиғаның маңыздылығы мен дұрыстығына танымдық тұрғыдан сендіреді. «Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына нық сенімі, бір мақсатқа бағдарланған халқымыздың бірлігі»: «Нық сенім», «бірлік», «бір мақсат» ұғымдарын қайталау ұлттық бірлік сезімін нығайтады және ортақ миссия аясында біріктіреді. Бұл когнитивті түрде ұжымдық қатысу мен жауапкершілік сезімін тудырады. «Мен бұл сайлауда халықтың қолдауын саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім және қарқынды экономикалық өсу саясатын қолдау деп қабылдадым»: Бұл жерде сайлауды қолдау нақты саяси бағыттарды қолдаумен байланысты. Бұл аудиторияға өз дауысын оң нәтижелермен және саясаттағы табыспен байланыстыруға көмектеседі. «Қазақстан халқына адал қызмет ету – менің ең құрметті және қасиетті борышым болып қала береді»: Жеке міндеттеме және халыққа қызмет етуді жалғастыруға уәде беру аудиторияда көшбасшының тұрақтылығы мен адалдығына деген сенім тудырады.

«...Қымбатты отандастар, серіктестер, достар!

Қызметіме кірісерде, мен өзімді абзал, отаншыл, өзінің азаматтық парызына адал қазақстандықтардың қолдағанына және алдағы уақытта да олардың жанымнан табылатынына ерекше қуанам. Сондықтан ертең биік асқарларға көтерілуге біздің күш-қуатымыздың жететініне нық сенімдімін...

Қадірлі отандастар! Біздің алған асуларымыз аз емес, ал алдағы мақсаттарымыз одан да биік. Ең бастысы – біз татулық пен бірлікке негізделген тәуелсіз мемлекет орнаттық. Ортақ мақсат жолында ынтымағы мен берекесі жарасқан біртұтас ұлт болып қалыптастық. Әлемдік өркениеттің ең биік талаптарына сай жаңа қоғам құрдық. Жыл сайын ел байлығын еселеген экономикалық дамудың қазақстандық моделін қалыптастырдық. Мұның бәрі сіздердің – барша қазақстандықтардың қажырлы еңбегі мен береке-бірлігінің арқасы... [15].

«Құрметті отандастар, серіктестер, достар!» - Аудиторияға жүгіну арқылы сөзді бастау инклюзия сезімін тудырады. Бұл тыңдаушылармен эмоционалды байланыс орнатуға көмектеседі. «Біздің жетістіктеріміз», «Біз құрдық», «біздің қоғам» - «Біз» және «біздің» есімдіктерін қолдану бірлік пен ұжымдық жауапкершілік сезімін арттыра түседі.

Кесте 1 – Жиі қолданылатын сөздердің статистикасы

№	Сөз	Қолданылу жиілігі
1	Мен	12 рет
2	Біз	7 рет
3	Отандастар	3 рет
4	Саяси	3 рет

«Қазақстанның патриот, адал азаматтары»: отансүйгіштік пен адалдыққа баса мән беру, елді сүю сияқты жағымды сезімдерді нығайтады. «Біздің Отанымыз», «Біз алуан түрлілігімізбен күштіміз»: ұлттық құндылықтар мен алуан түрлілікті атап өту елге мақтаныш сезімін оятады. «Ертеңгі күні бізде биік белестерді бағындыруға күш жететініне сенімдімін»: болашаққа сенім білдіру көрермендерге жағымды көңілкүй туғызып, ынталандырады. «Біздің болашақ мақсаттарымыз бұдан да биік»: Жоғары мақсаттар мен дамуға деген ұмтылысты атап өту ынта мен амбицияны тудырады. «Біздің күшіміз – бірлігімізде»: Бірлік пен ортақ құндылықтарға назар аудару ұйымшылдық сезімін арттырады. «Отанымыздың көркеюі мен гүлденуі үшін»: бір мақсат пен мұратқа шақыру ұжымдық күш-жігердің маңыздылығын көрсетеді. «Біз батыл және байыпты қадамдар жасауымыз керек»: іс-әрекетке тікелей шақыру аудиторияны әрекетке дереу итермелейді. «Әрқашан бірге болайық, әрқашан алда»: бірлік пен көшбасшылыққа соңғы үндеу сөздің негізгі идеяларын жинақтап, жоғары нотамен аяқтайды.

Спичрайтер мәтінінен келесі лексикалық және стилистикалық құралдарды байқаймыз: «Жасаған», «біздің», «біз» сөздерін жиі қайталау хабарлама жасаудың негізгі мақсатын күшейтіп, айқындай түседі. «Жақсы», «өркендеу», «әл-ауқат» сияқты сөздерді қолдану жағымды эмоционалды

көңілкүй тудырады. Бұл спичрайтердің аудиторияға әсер ету үшін және оларды әрекетке ынталандыру үшін қолданатын әртүрлі әлеуметтік лингвистикалық әдістер мен стратегиялар жүйесін көрсетеді.

Қорытынды

Әбіш Кекілбайұлының әзірлеген мәтінін мысалға ала отырып, саяси дискурстағы спичрайтердің рөлін зерттеу кең аудиторияға бағытталған баяндамаларды жасауда стратегиялық тәсілдің маңыздылығын көрсетеді. Спичрайтерлер саяси хабарламаларды қалыптастырудағы негізгі тұлғалар ретінде өз жұмысының мақсатына жету үшін әртүрлі әлеуметтік лингвистикалық және когнитивтік стратегияларды пайдаланады.

Әбіш Кекілбайұлы әзірлеген мәтінді талдау барысында оның кез келген мәселеде ұлттық болмыс пен мәдени құндылықтарға ерекше мән беретінін аңғардық. Мұндай элементтер аудиториямен эмоционалды байланыс орнатуға көмектеседі, бұл саяси дискурстың маңызды аспектісі болып табылады.

Кекілбайұлының әлеуметтік лингвистикалық стратегиялары аудиторияны біріктіруге, жұмылдыруға көмектесетін, патриоттыққа үндейтін сөз қолданыстарын қамтиды. Ол «біз», «күрметті отандастар», «біздің күшіміз – бірлігімізде» сияқты қауымдастық пен ынтымақты ерекше атап өтетін терминдерді жиі қолданады. Бұл сөздер ұжымдық жауапкершілік пен ортақ мақсат жолында бірігу сезімін тудырады.

Кекілбайұлының танымдық стратегиялары тыңдаушылардың бойында эмоционалдық әсерді біртіндеп арттырады. Негізгі сөздер мен сөз тіркестерін қайталау негізгі ойды бекітуге және оны есте қаларлықтай етуге көмектеседі. Ол, сонымен бірге, сыни ойлауға және аудиторияны қандай да бір мәселені талқылауға итермелейтін риторикалық сұрақтар мен мәлімдемелерді кеңінен пайдаланады.

Әбіш Кекілбайұлының стилі мен стратегиясын зерттеу спичрайтерлердің саяси дискурста қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Олардың жұмысы саясаткерлердің имиджін қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар, қоғамдық пікір мен әлеуметтік процестерге айтарлықтай әсерін тигізеді. Болашақта спичрайтерлердің рөлін зерттеу саяси коммуникация механизмдерін тереңірек түсінуге және саяси мәтіндерді құрудың тиімді тәсілдерін дамытуға көмектеседі.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Kazemian, Bahram, and Zhou Qiang** «A Rhetorical Identification Analysis of English Political Public Speaking: John F. Kennedy's Inaugural Address» RELX Group (Netherlands), 2015 <https://doi.org/10.2139/ssrn.2657550>.

2 **Kameswari, Lalitha, and Radhika Mamidi**, «Political Discourse Analysis : A Case Study of 2014 Andhra Pradesh State Assembly Election of Interpersonal Speech Choices» 2018.

3 **Mazlum, Farhad, and Sanaz Afshin**, «Evaluative Language in Political Speeches : A Case Study of Iranian and American Presidents' Speeches», 2016, 8(4) : 166–166. <https://doi.org/10.5296/ijl.v8i4.9398>.

4 **Asiru, Tunde, Hameed, and Peace Benson**, «ANALYSIS OF DISCOURSE STRATEGIES AND IDEOLOGIES IN THE INAUGURAL SPEECHES OF BARRISTER IBRAHIM SHEHU SHEMA», 2018, 120–127. <https://doi.org/10.56666/ahyu.v2i.86>.

5 **Kameswari, Lalitha, and Radhika Mamidi**, «Political Discourse Analysis : A Case Study of 2014 Andhra Pradesh State Assembly Election of Interpersonal Speech Choices», 2018

6 **Avetisyan, Z.** 'Speech Impact Realization via Manipulative Argumentation Techniques in Modern American Political Discourse', 2015, World Academy of Science, Engineering and Technology, Open Science Index 102, International Journal of Humanities and Social Sciences, 9(6), 1808–1813.

7 **Kane, J., & Patapan, H.** The Artless Art : Leadership and the Limits of Democratic Rhetoric, 2010, Australian Journal of Political Science, 45(3), 371–389. <https://doi.org/10.1080/10361146.2010.499162>

8 **Lewin, B. A., & Perpignan, H.** Recruiting the reader in literary criticism. De Gruyter, 2012, January 14, 32(6). <https://doi.org/10.1515/text-2012-0035>

9 **Chidume, S. N., & Agbo, I. I.** Discourse-Rhetorical Strategies of Pauline Epistles : Rhetorical Situation Theory Approach to the Book of First Thessalonians, 2022, January 1, SAGE Publishing, 12(1), 215824402210855-215824402210855. <https://doi.org/10.1177/21582440221085589>

10 **Wulandari, S. A., Prihatin, Y., & Santoso, M. E.** Language Dynamism: A Cross-Cultural Analysis of Indonesian Political Leader Speech During Covid-19 Pandemic, 2021, January 1, 2(5), 33–48. <https://doi.org/10.48165/sajssh.2021.2503>

11 **Rauf, A.** Ideology, (Mis)perceptions and (Re)construction of Political Identities : A Critical Discourse Analysis of Imran Khan's Political Speeches, 2019, March 30, European Organization for Nuclear Research. <https://doi.org/10.5281/zenodo.4362007>

12 **Chidume, S. N., & Agbo, I. I.** Discourse-Rhetorical Strategies of Pauline Epistles : Rhetorical Situation Theory Approach to the Book of First Thessalonians, 2022, January 1, SAGE Publishing, 12(1), 215824402210855-215824402210855. <https://doi.org/10.1177/21582440221085589>

13 **Wulandari, S. A., Prihatin, Y., & Santoso, M. E.** Language Dynamism: A Cross-Cultural Analysis of Indonesian Political Leader Speech During Covid-19 Pandemic, 2021, January 1, 2(5), 33–48. <https://doi.org/10.48165/sajssh.2021.2503>

14 **Назарбаев, Н.** Таңдамалы сөздер, V том, 1 кітап – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014, ISBN 978–601–277–183–1Т. V (1), 664 б. ISBN 978-601-277-192-3

References

1 **Kazemian, Bahram, and Zhou Qiang** «A Rhetorical Identification Analysis of English Political Public Speaking: John F. Kennedy’s Inaugural Address» RELX Group (Netherlands), 2015 <https://doi.org/10.2139/ssrn.2657550>.

2 **Kameswari, Lalitha, and Radhika Mamidi**, «Political Discourse Analysis : A Case Study of 2014 Andhra Pradesh State Assembly Election of Interpersonal Speech Choices» 2018.

3 **Mazlum, Farhad, and Sanaz Afshin**, «Evaluative Language in Political Speeches : A Case Study of Iranian and American Presidents’ Speeches», 2016, 8 (4) : 166-166. <https://doi.org/10.5296/ijl.v8i4.9398>.

4 **Asiru, Tunde, Hameed, and Peace Benson**, «ANALYSIS OF DISCOURSE STRATEGIES AND IDEOLOGIES IN THE INAUGURAL SPEECHES OF BARRISTER IBRAHIM SHEHU SHEMA», 2018, 120–127. <https://doi.org/10.56666/ahyu.v2i.86>.

5 **Kameswari, Lalitha, and Radhika Mamidi**, «Political Discourse Analysis : A Case Study of 2014 Andhra Pradesh State Assembly Election of Interpersonal Speech Choices», 2018

6 **Avetisyan, Z.** ‘Speech Impact Realization via Manipulative Argumentation Techniques in Modern American Political Discourse’, 2015, World Academy of Science, Engineering and Technology, Open Science Index 102, International Journal of Humanities and Social Sciences, 9(6), 1808–1813.

7 **Kane, J., & Patapan, H.** The Artless Art: Leadership and the Limits of Democratic Rhetoric, 2010, Australian Journal of Political Science, 45(3), 371–389. <https://doi.org/10.1080/10361146.2010.499162>

8 **Lewin, B A., & Perpignan, H.** Recruiting the reader in literary criticism. De Gruyter, 2012, January 14, 32(6). <https://doi.org/10.1515/text-2012-0035>

9 **Chidume, S. N., & Agbo, I. I.** Discourse-Rhetorical Strategies of Pauline Epistles : Rhetorical Situation Theory Approach to the Book of First Thessalonians, 2022, January 1, SAGE Publishing, 12(1), 215824402210855-215824402210855. <https://doi.org/10.1177/21582440221085589>

10 **Wulandari, S. A., Prihatin, Y., & Santoso, M. E.** Language Dynamism : A Cross-Cultural Analysis of Indonesian Political Leader Speech During Covid-19 Pandemic, 2021, January 1, 2(5), 33–48. <https://doi.org/10.48165/sajssh.2021.2503>

11 **Rauf, A.** Ideology, (Mis)perceptions and (Re)construction of Political Identities: A Critical Discourse Analysis of Imran Khan’s Political Speeches, 2019,

March 30, European Organization for Nuclear Research. <https://doi.org/10.5281/zenodo.4362007>

12 **Chidume, S. N., & Agbo, I. I.** Discourse-Rhetorical Strategies of Pauline Epistles: Rhetorical Situation Theory Approach to the Book of First Thessalonians, 2022, January 1, SAGE Publishing, 12(1), 215824402210855-215824402210855. <https://doi.org/10.1177/21582440221085589>

13 **Wulandari, S. A., Prihatin, Y., & Santoso, M. E.** Language Dynamism : A Cross-Cultural Analysis of Indonesian Political Leader Speech During Covid-19 Pandemic, 2021, January 1, 2(5), 33–48. <https://doi.org/10.48165/sajssh.2021.2503>

14 **Nazarbayev, N.** Selected words, volume V, book 1, –Astana : «Saryarka» publishing house, 2014, ISBN 978–601–277–183–1Т. V (1) – 664 б. ISBN 978-601-277-192-3

07.08.24 ж. баспаға түсті.

29.08.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. М. Махамбетова*

Казахский национальный
университет имени аль-Фараби,
Казахстан Республикасы, г. Алматы.
Поступило в редакцию 07.08.24.
Поступило с исправлениями 29.08.24
Принято в печать 25.11.24.

РОЛЬ СПИЧРАЙТЕРА В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ: ВАЖНОСТЬ ИССЛЕДОВАНИЯ С ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ И СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ТОЧКИ ЗРЕНИЯ (НА ОСНОВЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ, РАЗРАБОТАННЫХ АБИШЕМ КЕКИЛЬБАЕВЫМ)

Данное исследование посвящено изучению важности роли спичрайтеров в политическом дискурсе с акцентом на социолингвистический анализ творчества выдающегося казахского спичрайтера Абиша Кекилбаева. В современной политической ситуации влияние спичрайтеров на формирование общественного мнения и политической стратегии становится все более значимым. Абиш Кекилбаев – важный пример профессионала, чье творчество оказало глобальное влияние на политическую коммуникацию.

Исследование посвящено анализу текстов, подготовленных Кекилбаевым для различных политических деятелей, и их влиянию на формирование общественного мнения и политическую практику. Автор анализирует приемы и стратегии, используемые спичрайтерами для создания убедительных и влиятельных речей, а также их роль в адаптации и модификации языковых и культурных норм в политических контекстах. Особое внимание уделяется влиянию Кекилбаева на конструирование идентичности политических лидеров с помощью языковых средств и стиля написания речи.

Цель исследования - проанализировать методы и стратегии, используемые Абишем Кекилбаевым для создания убеждающих политических речей, и их влияние на языковые практики и политический дискурс. Исследование направлено на выявление специфики языковых средств и стилистических приемов, используемых спичрайтерами, и проводится с помощью социолингвистического и лингвистического анализа.

Научная гипотеза работы заключается в предположении о том, что языковые стратегии и тактики, разрабатываемые спичрайтерами, оказывают положительное влияние на формирование и модификацию политического дискурса и играют важную роль в создании имиджа политических лидеров в глазах общественности.

Ключевые слова: спичрайтинг, политический дискурс, социолингвистика, анализ текста, лингвистическая стратегия

**A. M. Makhambetova*

Al-Farabi Kazakh
National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 07.08.24.

Received in revised form 29.08.24.

Accepted for publication 25.11.24.

**THE ROLE OF SPEECHWRITER IN POLITICAL
DISCOURSE: THE IMPORTANCE OF RESEARCH FROM A
PSYCHOLINGUISTIC AND SOCIOLINGUISTIC PERSPECTIVE
(BASED ON POLITICAL TEXTS DEVELOPED
BY ABISH KEKILBAEV)**

This study is devoted to studying the importance of the role of speechwriters in political discourse with an emphasis on sociolinguistic

analysis of the work of the outstanding Kazakh speechwriter Abish Kekilbayev. In the modern political situation, the influence of speechwriters on the formation of public opinion and political strategy is becoming increasingly significant. Abish Kekilbayev is an important example of a professional whose work has had a global impact on political communication.

The study is devoted to the analysis of texts prepared by Kekilbayev for various political figures and their influence on the formation of public opinion and political practice. The author analyzes the techniques and strategies used by speechwriters to create persuasive and influential speeches, as well as their role in adapting and modifying linguistic and cultural norms in political contexts. Particular attention is paid to Kekilbayev's influence on the construction of the identity of political leaders through linguistic means and speech writing style.

The purpose of the study is to analyze the methods and strategies used by Abish Kekilbayev to create persuasive political speeches, and their impact on language practices and political discourse. The study is aimed at identifying the specifics of linguistic means and stylistic devices used by speechwriters, and is carried out using sociolinguistic and linguistic analysis.

The scientific hypothesis of the work is the assumption that language strategies and tactics developed by speechwriters have a positive impact on the formation and modification of political discourse and play an important role in creating the image of political leaders in the eyes of the public.

Keywords: speechwriting, political discourse, sociolinguistics, text analysis, linguistic strategy

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz